

2024 жылға арналған мектепке дейінгі ұйымдардың мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсаттың
№ 21 ХАТТАМАСЫ

23.10.2024 ж.

Нугертаева Айгуль Бексултановна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы, комиссия төрайымы;

Нуралин Нажмиден Муратович Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру секторының меңгерушісі, комиссия төрайымының орынбасары;

Акаева Рауза Кельмановна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері:

Кожухметов Болат Ризаханович «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ Көкшетау қ. филиалының төрағасы (келісім бойынша);

Мукатаев Рамазан Сапарович қалалық мәслихат депутаты (келісім бойынша);

Кариева Алия Кабиболовна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі бас есепшісінің орынбасары;

Куркин Юрий Борисович Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің құқық сұрақтары жөніндегі кеңесшісі;

Рыбинцева Светлана Петровна Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің техникалық қадағалау жөніндегі кеңесшісі;

Майбах Андрей Эдвардович Ақмола облысы білім басқармасының бас маманы.

Победенная Людмила Николаевна «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының «Алтын бала» балабақшасы» МКҚК

Михайленко Светлана Геннадьевна «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының «Арай» бөбекжайы» МКҚК

Өткізу күні: 23 қазан 2024 ж.

Өткізу орны: «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» ММ мәжіліс залы

Қатысушылар: комиссия мүшелері

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған тізбеге енгізуге арналған конкурсқа қатысу үшін «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру Қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы 2024 жылғы 4 қыркүйектегі өзгерістермен аталған бұйрығының 13-тармағында көрсетілген талаптарға ұсынылған құжаттардың сәйкестігін \ сәйкес еместігін айқындау үшін «Ясмин» балабақшасы» Жеке Мекемесі 23 орынға кеңейту бару барысында комиссияны шолып -тексеру қорытындысын шығару.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ю.Б.Куркин комиссия мүшелерін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған тізбеге енгізуге арналған конкурсқа қатысу үшін «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру Қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы 2024 жылғы 4 қыркүйектегі өзгерістермен бұйрықтың 13-тармағында көрсетілген талаптарға ұсынылған құжаттардың сәйкестігін \ сәйкес еместігін айқындау үшін 2024 жылғы 15 қазанда 23 орындық «Ясмин» балабақшасы» Жеке Мекемесіне бару қорытындысымен таныстырды.

13. Мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесін қалыптастыру жөніндегі конкурстық рәсімге қатысуға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабардар еткен және:

1) «Мектепке дейінгі ұйымдар мен сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-

- 59 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23469 болып тіркелген) сәйкес шарттарын (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар);
- 2) «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген) сәйкес шарттарын (бұдан әрі – өрт қауіпсіздігі қағидалары);
- 3) «Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысына (бұдан әрі - № 305 ҚРҮК) сәйкес терроризмге қарсы қорғау шарттарын;
- 4) «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім берудің арнайы шарттары (бар болса) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26618 болып тіркелген) және «Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолжетімді орта құруды;
- 5) «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген);
- 6) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсету және алғашқы медициналық көмек көрсетуді;
- 7) «Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкес тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар педагогикалық құраммен және «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына сәйкес штат санымен қамтамасыз еткен мектепке дейінгі ұйымдар жіберіледі.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

- Кожухметов Болат Ризаханович – «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» ҚБ Көкшетау қ. филиалының төрағасы
- Рыбинцева С.П. – Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің техникалық қадағалау жөніндегі кеңесшісі, ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігі туралы хабарлады.

Шолып - тексеру барысында комиссия ұсынылған құжаттардың «Ясмин» балабақшасы» Жеке Мекемесі осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкестігін анықтады.

Көзбен шолып тексеру барысында комиссия «Ясмин» балабақшасы» Жеке мекемесінде осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген шарттардың талаптарына сәйкессіздігін анықтады, ҚР ДСМ 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59, ҚР ДСМ 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ - 16 бұйрығы талаптарының мынадай бұзушылықтары анықталды:

1. Жатын және ойын үй – жайларының санитарлық жағдайы, дәліз, баспалдақ алаңы-қанағаттанарлық емес, косметикалық жөндеу (әктеу, сырлау), жарықтандыру аспаптары, лас перделер қажет;

2. Бірінші қабаттағы топтарда салқын, өйткені жылу жүйесінің радиаторлары тығыз жабылған, жылу жібермейді;

3. Топтарда кереуеттердің басы арасында 20 см қашықтық сақталмайды, топтық ұяшықтардағы жиһаздарда жиек жоқ (ҚР ДСМ - 59 82-тармақтың бұзылуы: жиһаз, жұмсақ, қатты мүкәммал, жабдық жұмыс күйінде және уақтылы жөндеуге немесе ауыстыруға жатады);

4. кереует, төсек-орын, орамалдар таңбаланбаған (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ - 59 бұйрығының 82-тармағын бұзылуы; төсек-орын жабдықтары, орамалдар, жеке гигиена заттары (тіс щеткасы, тарақ, жөкелер) әр балаға жеке бөлінеді.

5. Ауыстырылатын төсек-орынның қажетті мөлшері жоқ (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі бұйрығының 91-тармағының бұзылуы; №ҚР ДСМ –59 1 төсекке арналған төсек-орынның кемінде үш жиынтығының болуы көзделеді).

6. Тексеру кезінде кереуеттердегі төсек-орын жаңа емес, ауыстыруды қажет ететіндей жағдайда болды (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі бұйрығының 93-тармағының бұзылуы; №ҚР ДСМ –59 төсек-орын жабдықтарын, сүлгілерді ауыстыру ластануына қарай, бірақ аптасына кемінде бір рет жүргізіледі);

7. Топтардағы қосалқы шығулар жабық, жиһазбен толтырып қойған, бұл өрт қауіпсіздігі ережесін бұзу болып табылады («Өрт қауіпсіздігі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы).

8. Топтарда ағымдағы және жалпы тазалау жүргізілмейді (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі бұйрығының 64-тармағының бұзылуы; №ҚР ДСМ –59 ДСМ: объектілердің барлық үй-жайлары мен жабдықтары таза ұсталады. Медициналық үй-жайлар, ас блогы мен дәретханалар күн сайын дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып тазаланады. Дәретханаларда едендер, есік тұтқалары, крандардың құлақтары, раковиналар мен дәретханалар күнделікті дезинфекциялауға жатады).

9. сынған және эмал» кеткен ыдыстарды пайдаланады (№ҚР ДСМ-16 49-тармақ 1) тармақшасының бұзылуы: жарықтары, сынықтары, жиектері сынған, пішіні бұзылған, эмалі зақымдалған ыдыстарды пайдалануға жол берілмейді);

10. жиһаз балалардың бой- жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі бұйрығының 81-тармағының бұзылуы; №ҚР ДСМ –59: объектілердің жиһазы мен жабдығы балалардың бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді).

11. Үй-жайлардың едендерінде линолеумның тұтастығы бұзылған, табалдырықтарда шығыңқы шегелер бар, санитарлық тораптарда кілемдерді пайдалануға рұқсат етіледі (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі бұйрығының 22-тармағының бұзылуы; № ДСМ –59: үй-жайлардағы едендерде тақтай немесе паркет жабыны бар. Едендерді ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға мүмкіндік беретін синтетикалық полимерлі материалдармен, оқшауланған линолеуммен жабуға жол беріледі. Барлық бөлмелердегі еденнің беті тегіс, жарықтар, кемшіліктер мен механикалық зақымдануларсыз болуы керек.);

12. Топтарда ойыншықтар жеткіліксіз.

13. Ас блогы қанағаттанарлықсыз күйде. Плитканы ауыстыру қажет.

Ас блогында механикалық желдету қарастырылған. Тексеру кезінде механикалық желдеткіш жұмыс істемеген. Жылу мен ылғалды бөлу көзі болып табылатын жабдықтың үстінде сору қолшатырлары бар, бірақ жұмыс істемейді. Күнделікті және күрделі тазалау айына 1 рет жүргізіледі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы No ҚР ДСМ -16 бұйрығының 62-тармағын бұзылуы: барлық үй-жайлар, ғимараттар мен құрылыстар, жарық беру аспаптары, терезелер мен ойықтардың әйнектелген беттері, тамақтану объектісінің жабдығы, мүкәммалы, ыдысы жиналады (өңделеді), таза, жарамды күйде ұсталады).

14. Аспазшылар жұмыс орнында алжапқышсыз жұмыс істеуде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы No ҚР ДСМ -16 бұйрығының 291-т. бұзылуы: тамақтану объектісінің персоналы таза арнайы киіммен, сондай-ақ дайындалатын өнімнің ассортиментіне байланысты қолды жеке қорғаныш құралдарымен (оның ішінде салқын тағамдарды (жеңіл тағамдарды, салаттарды) өндірумен, тағамдарды ыдыс-аяқпен баптаумен және порциялаумен айналысатын персонал үшін тамақ өнімдерімен жанасуға арналған бір рет қолданылатын қолғаптармен) қамтамасыз етіледі. Үй-жайларды жинау үшін жеке арнайы киім көзделеді).

15. дайын өнім цехында жаңа піскен көкөністерді сақтауға жол берілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы No ҚР ДСМ -16 бұйрығының 56-тармағын бұзылуы: бұзылуы: тамақ өнімдері тағам түрлеріне қарай бөлек сақталады. Өзіне тән ерекше иісі бар тамақ өнімдері (мысалы, шикі еттер, жаңа піскен ыстық нан және нан-тоқаш өнімдері, тағамдық қоспалар (дәмдеуіштер, қош иісті дәмдеуіш қоспалар), хош иістендіргіштер, балық, балық

өнімдері, ысталған, жартылай ысталған, пісіріліп-ысталған, пісіріліп ысталған ет өнімдері, темекі өнімдері), бөгде иістерді қабылдағыш, сіңіргіш тамақ өнімдерінен (мысалы, сары май, ірімшік, жұмыртқа, шәй, кофе, какао, тұз, қант және кондитерлік өнімдер) бөлек сақталады және тасымалданады.

16. тоңазытқыш жабдықта мұздақ түзілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ -16 бұйрығының 104-тармағын бұзылуы: бұзылуы: тоңазыту камералары, тоңазыту жабдығы ластануына, қар мен мұздың (мұздақтың) түзілуіне және қатаюына қарай, тамақ өнімдерінен босатылғаннан кейін, тоңазытқышты тамақ өнімдерінің жаппай түсуіне дайындау кезеңінде, зең анықталған кезде және сақтаудағы тамақ өнімдері көгерген кезде тазартылуы, жуылуы және дезинфекциялануы тиіс).

17. өнімді сақтау кезінде тауарлық көршілік сақталмайды (№ҚР ДСМ-16 104-т. бұзылуы: тамақ өнімдері түрлері бойынша бөлек сақталады. Ерекше иісі бар тамақ өнімдері (мысалы, шикі ет, жаңа піскен нан және нан-тоқаш өнімдері, тамақ қоспалары (дәмдеуіштер), хош иістендіргіштер, балық, балық өнімдері, ысталған, жартылай ысталған, пісірілген-ысталған ет өнімдері) бөгде иістерді қабылдайтын, сіңіретін тамақ өнімдерінен (мысалы, сары май, ірімшік, сүзбе, жұмыртқа, шай, кофе, какао, тұз, қант және кондитерлік өнімдер) бөлек сақталады және тасымалданады).

18. Азық-түлік шкафындағы қоймада азық-түлік саны жеткіліксіз (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ -59 бұйрығының 72-тармағын бұзылуы: бұзушылық тамақ өнімдеріне арналған қоймалар болмаған кезде сатып алу бір аптадан аспайтын мерзімге жүзеге асырылады);

19. санитарлық мүкәммалды таңбалау жоқ (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ -59 бұйрығының 71-тармағын бұзылуы: жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, жөкелер, шүберектер) таңбаланады және жеке үй-жайларға (санитариялық тораптар, медициналық пункт, ас блогының өндірістік үй-жайлары, тамақтану залы, топтық үй-жайлар) бекітіледі, арнайы бөлінген үй-жайларда (орындарда) сақталады. Санитариялық тораптарға арналған жинау мүкәммалының сигналды таңбасы болады).

20. Дез.режим сақталмайды. Ыдыстарды сулауға арналған ыдыстардың түбінде балдыр мен қоқыстың болуына жол беріледі; (ҚР ДСМ бұйрығы №ҚР ДСМ-59 71-т. бұзылуы: жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдары пайдаланылады. Дезинфекциялау ерітінділерін өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ерітіндіні дайындау күні көрсетіле отырып, таңбаланған сыйымдылықтарда дайындайды. Дезинфекциялау және жуу құралдары, жұмыс ерітінділері балалардың қолы жетпейтін орындарда сақталады).

21. Балалардың ойын алаңы талаптарға сай емес, шөп өсіп кеткен, арнайы жабыны жоқ. Ойын алаңдарындағы жабдықтар балалардың бойы мен жасына сәйкес

келуі керек, өткір шығыңқы жерлері мен кемшіліктері болмауы куерек, берік, сенімді уақтылы жөнделуі тиіс. Ойын алаңындағы жабдық жөндеуді қажет етеді, өткеншектерде тұтқалар жоқ, бұл барлық қауіпсіздік ережелеріне қайшы келеді және баланың жарақатына әкелуі мүмкін.

ШЕШІМ:

1. «Ясмин» балабақшасы» Жеке мекемесінде көзбен шолу қорытындысы бойынша ұсынылған құжаттарды қарастыра келе, комиссия «Ясмин» балабақшасы» Жеке Мекемесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға арналған Тізбеге енгізу үшін «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы, 2024 жылғы 4 сәуірдегі өзгерістер енгізілуімен) бұйрығының 13, 14, 15-тармақтарында көрсетілген талаптарға ұсынылған құжаттардың сәйкес келмейтінін атап өтті.

2. «Ясмин» балабақшасы» Жеке мекемесіне бару барысында осы Қағидалардың нормаларын бұзудың анықталған фактілерін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, яғни 2024 жылғы **5 қарашаға** дейін жою қажет.

3. «Ясмин» балабақшасы» Жеке мекемесіне қайта шығу мерзімі **2024 жылғы 6 қараша** болып белгіленсін.

Комиссия төрайымы:



Нугертаева А.Б.

Комиссия мүшелері:

Нуралин Н.М.

Кожаметов Б.Р.

Куркин Ю.Б.

Рыбинцева С.П.

Победённая Л.Н.

Михайленко С.Г.

Комиссия хатшысы:

Акаева Р.К.